



**Жармыш орта мектебінің
тарих пәнінің мұғалімі,
ардақты ана, асыл әже,
ардагер ұстаз -**


Өтебергенова Күлдірхан Оңғарқызы

*Өзіңе әзірлеген сөзім дайын
Оңынан тусыншы деп тілеп айың.
Құрметті асыл ана, ару қыздар
Жаныңыз жақсылыққа толсын лайым.*



Хиуахан апай!
Мектеп ұжымы сізді
8 наурыз
Халықаралық әйелдер
күні мерекесімен шын
жүректен
құттықтайды





Өтебергенова Хиуахан Оңғарқызы - 1953 жылы 15 желтоқсанда Маңғыстау ауданы Жармыш ауылында туған. 1960-70 жылдары Жармыш орта мектебінде білім алып, бітірген. Гурьев пединститутын бітірген соң, жармыш орта мектебінде қызмет жолын бастап, 44 жылдан бері тарих пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып келеді. Мектепте оқыған жылдары мектеп көркемөнерпаздар үйірмесінің белсенді мүшесі болды. Көркемсөз оқып, концерттік бағдарламаларды жүргізіп, ән-би үйірмесіне қатысып, аудан, облыс, республикаға дейін барды. Ән-жыры, драмалық үйірмесі, халық аспаптар оркестрі дүрілдеп қызмет істеген жылдары Жармыш аулы мәдениетінің алдыңғы орында болуына сүбелі үлес қосты. Қазақ, өзбек, үнді билерін билеген биші. “Үкілі Ыбырайда”- Халима, “Дөкей келе жатыр”- басқарманың әйелі, “Құда келді”-құдағайдың, “Кәпірзада”- Заданың құрбысы рөлдерін сомдаған. 1974 жылы аудандық “Кең жайлау” үгіт бригадасымен Шымкент қаласында өткен республикалық байқауға қатысты. 1976 жылы Көкшетау қаласындағы республикалық байқауға қатысып, I орынды иеленді.

Оқушыларының жетістігі

1.Әбішев Руслан – колледж мұғалімі

2.Әбішев Нұрлан – Облыстық олимпиада жеңімпазы

3.Ылиев Ғамзат-облыстық олимпиада жеңімпазы

4.Бүркітова Ақгүл – 8 орта мектепте БОЖО

*5.Өмірбай Мамай – Алматы аласындағы Қазақ-түрік
лицейінде тарихшы-мұғалім*

*6.Қызы Әуезова Фарида – ана жолын қуған ұстаз,
“Болашақ” колледжі*

*7.Болатқызы Жайна – Орал қаласында тарихшы
мамандығында оқиды*



“Балауса қыз едің бір кезде...”



“Жас едім өмірге еркін бойламаған”





Құрбым, жан құрбым, бала кезімнен...

Жас өмірі өнерменен өрілген




“Кең жайлау” үгіт бригадасы



1975 жыл. Оркестрдің жүрегі, жүргізуші – Х. Өтебергенова

*Қияға қанат қақтым
не бір арман,
Білім алдым Гурьев
қаласынан.*

*Ұстаз болу алдыма
мақсат қойып,
Оралдым туған елге
болып маман.*





Алғашқы түлектер

*Ұшырып мені алысқа қала бердің
Келеді жана бергім, жана бергім!!!*



1986 жылғылар



1995 жылғылар



*Балдырғанды баулып баптап ұшырып,
Бала жанын бір кісідей түсініп.
Ширек ғасыр келем осы салада,
Тәжірибе жинақтадым ысылып.*



“Арбөкен” мейрамханасы



10-жылдықтаңыңызбен 2003-жас пүлөктөрү

10 күндөй боп 10 жыл өттү кездестик...





*Болашаққа нық сеніммен беттедім
Тәрбие зой жас ұрпаққа еккенім.
Мені осындай жетістікке жеткізген
Мақтан етем **Жармыш орта мектебін***





*Жүректе тұрар сазды үнің
Жанымнан жалын, жігер күт
Ардагер – ұстаз біз үшін-
Әр сәтің тұрған бір ерлік!*





Ұжымым бар осындай, мақтанамын,
Жырға қосып, би билеп, ән саламын
Қызметімде ұлылыққа үйретіп,
Тойларда аппақ тілек ақтарамын





*Ақ түйенің қарны жарылған күн
Өкпе-нала болса егер арылған күн
Наурызкөже әр үйден дәмін татып
Ақ дастархан кеңінен жайылған күн*





*Мектеп – білімнің қазынасы,
Мұғалім – өмірдің арнасы*



Даналықтың ұстаз боп жалған ісін,
Еңбек еттің балауса арман үшін.
Сен - ертеңгі бәйтерек болашақтың
Бүгінгі күн тер төккен бағбанысың.

Парыз жүктеп қыз бенен сенімі ұлдың,
Армандарын ақ қанат сен ұзындың.
Мұңайса да, қамықса бала жаны,
Шипагері екен деп сені білдім.

Болмысыңмен осындай дараландың,
Асқақтығын ұқтырып балаға ардың.
Сен өйткені осынау мамандықты
Жүрегіңмен ау баста қалап алдың.

Ұстаз деген ұлық ат - сендегі есім,
Балғындардың бәрін де тең көресің.
Балалықпен күн сайын жүздесесің,
Тазалықпен бетпе - бет сен келесің.

Берсең әділ беріп ең бағасын да,
Түскен сайын шәкірт боп бала сынға.
Жүректерге тәліммен із қалдырып,
Сен мыңдардың жүресің санасында.

Жүзіңде боп мейірімнің нұры басым,
Бала жанын байыппен ұғынасың.
Ізгілікті өмірдің ортасында
Қарапайым боп жүрген ұлы жансың.



Еңбегінің жемісі





**Сендер – менің үмітім
Үзілмейтін, өшпейтін
Сендер – менің бақытым
Маңдайымнан көшпейтін**



Санақ-Алма

Талап- Мөлдір



Жазира-Ербол



Фарида -Ризабек



*Алақаннан ұшқан аққұсым
Барасың ұшып шалғайға...*



**Сен қосылып немерем
Кеңейді зой керегем...**





*Құдаң құрдасыңдай болсын
Құдағиың сырласыңдай болсын*

*Туыстың ерекшелігі: ашық
күнде де, айсыз түнде де қол
ұшын береді.*


*Сондықтан да туыспен тату
– тәтті өмір сүруге асық,
туыс – ауа, от та, дауыл да,
бірақ қауіпсіз*





*Биіктеп Бәйтеректей, зәулімденіп,
Асқақтай бер, елімнің Астанасы!*



*Сарыарқа, кең дала,
Сен – Бәйтерек, сен-Ана!*



Хан шатырда



*Көкшетаудағы “Абылай
хан” даңғылында*





Мөп-мөлдір Бурабайдың суы күміс



Арқаның кербез сұлу Көкшетауы



*Сүн-сүйір бейне найза шың,құз биік
Төбесі кейде тұрар бұлтқа тиіп*

Хиуахан апайға!

***Әр оқушы ардақ тұтып бағалар
Жақсы ұстаз деп алақанға аялар
Апай сіздей тарихшы жоқ аулымда
Еңбегіңіз бір төбе боп саналар***


***Әлі күнге бзге сабақ бересіз
Келер күнге мол үмітпен сенесіз
Тарихымен таныстырып осы елдің
Шәкірттердің толтырасыз өресін***

***Зейнеткерлікке шықсаңыз да жақында
Шақырттық біз өзіңізді асыға
Мәңгі ұстаз боп қалыңызшы кетпеңіз
Сіздей ұстаз керек бізге расында***

***Ізгі тілекпен шәкіртіңіз:
Нармұханбет Жанбота***

25.05.2014ж

Жармыш орта мектебі





НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ